

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 213 – 216

G.T. Chukenaeva

PhD student of Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan
e-mail: Chukenaeva@mail.ru

LINGUAECOLOGICAL COMPETENCE AND ITS COMPONENTS

Abstract: In the article the questions of teaching a new direction of linguistics – the language ecology in higher educational institutions are considered. The article proves the urgency of linguaecological education on basis of the data of the state of the language environment of students, the current status of teaching linguaecology in higher educational institutions is analysed. The author defines the concept of “linguaecological competence” as a result of linguaecological knowledge; its components are determined, the levels of the formation of this competence are characterized. Also the model of linguaecological competent student is offered.

Keywords: Communicative competence, linguaecological competence, linguistic environment, linguistic personality, linguodidactics, the norm of literary language.

ӘОЖ81'271; 82.085; 808.5

Г.Т. Чукуенаева

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің докторанты, Талдықорған қ., Қазақстан

**ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ**

Аннотация. Мақала тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі –лингвоэкологияны жоғары оқу орындарында оқыту мәселелерін қарастырады. Мақалада лингвоэкологиялық білім берудің өзектілігі қазіргі студенттердің тілдік ортасы жағдайының мәліметтері негізінде дәйектелген, қазіргі таңда жоғары оқу орындарында лингвоэкологияны оқытудың жайы талданған. Автор лингвоэкологиялық білімнің нәтижесі ретінде «лингво-экологиялық құзыреттілік» ұғымына түсінік беріп, оның құрылымдық компоненттерін анықтаған, қалыптасу деңгейлеріне сипаттама берген. Сонымен қатар, лингвоэкологиялық құзыреттілігі қалыптасқан студент моделі ұсынылған.

Тірек сөздер. Қатысымдық құзыреттілік, лингвоэкологиялық құзыреттілік, тілдік орта, тілдік тұлға, лингводидактика, әдеби тіл нормасы.

Барша қазақтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалайтын, уақыт сынынан өткен, «Мәңгілік елдің» құндылығы – тілді сақтау идеясының негізі ұлттық сана қалыптасқан дәуірлерде қаланып, қазірге дейін күн тәртібінен түскен емес.

Қазақстан ХХІ ғасырда болашаққа нық сеніммен қадам басу үшін саяси, экономикалық және рухани жаңғыруға бет алды. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» [1]. Қазақ халқының ұлттық-мәдени коды ең алдымен қазақ тілінде екенін ескерсек, рухани жаңғыру бабалардан аманат боп қалған «тілді сақтау» идеясын жаңғыртудан бастау алуға тиіс. Ол жоғары оқу орындарында лингвоэкологияны оқытуға басымдық берумен тығыз байланысты. Лингвоэкологияны оқыту – тілдің өміршендігін сақтау кепілі.

«Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады» [2]. Көптілді

білім беру жағдайында қазақ тілін тек қана меңгеру жеткіліксіз, оған құндылықтық қатынас қалыптастыру, «таза» күйінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу маңызды. Демек, лингвоэкологияны оқыту бүгінгі күннің сұранысынан туып отыр.

Лингвоэкология – ХХ ғасырдың 90-жылдары лингвистика мен экологияның тоғысында қалыптасқан жаңа бағыттардың бірі. Лингвоэкология – бұл тіл білімінің біріншіден, тілді сақтау мен қорғау мәселесін зерттейтін, екіншіден, тілдің дамуы мен қолданылуына кері ықпалын тигізетін факторларды анықтайтын, үшіншіден, тіл мәдениеті мен тілдік қатысым тәжірибесін жетілдірудің тәсілдерін енгізетін, төртіншіден, сөз энергетикасы, оның жасампаздық күші, оның қатысым мүшелеріне әсері жайлы қарастыратын бағыты.

«Лингвоэкология ұлттық тілдің жағдайын бағамдайды, басымдыққа ие үрдістерді талдайды, «экологиялық қауіп» жайлы ескертіп, тілді сақтаудың жолдарын айқындайды. Оның мақсаты – тілді қорғау, тілдік орта саламаттылығын, сөз тазалығын сақтау, тазалау; тілдің қоғамдық болмысына әсер ететін факторларды анықтау; лингвистикалық нигилизммен, тіл басқыншылығымен күрес жүргізу; тілдік тұлғаны, оның түрлерін сипаттау және т.б.» [3;5].

Тілдің саламаттылығын, тілдік ортаның тазалығын, тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін тілдік тұлғаны қалыптастыру, тілдік субъектінің ана тіліне деген құрметін, тілдің болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, лингвистикалық нигилизмнің алдын алу, лингвоэкологиялық қарым-қатынастың тиімді жүйесін жасау – лингвоэкологиялық білім берудің міндеті.

Соңғы уақытта білім беру нәтижесін бағалау бағыты өзгеріп, «құзыреттілік» қазіргі педагогика ғылымында базалық ілімдердің біріне айналды. Себебі бүгінде студентке тек білім алу аз, еңбек нарығы одан алған білімін тиімді қолдана алуға құзыретті, бәсекеге қабілетті болуды талап етеді. Осы уақытқа дейін жоғары оқу орындарында «Лингвоэкология» таңдау пәні ретінде оқытылғанымен одан күтілетін нәтиже, яғни құзыреттіліктер жүйесі, оны құраушы бөліктері айқындалмаған. Студенттен талап етілетін білім нәтижесі анық болмаған жағдайда оның игерілуін бағамдау да қиын. Аталған жайттарға орай, қазіргі таңда лингвоэкологияны оқытуда:

- еліміздің тілші-әдіскер ғалымдарын тарта отырып, қазақстандық ЖОО-ларда лингвоэкологиялық білім беру бағдарламасын құрастыру;
- педагогикалық қарым-қатынас стилін лингвоэкология тұрғысынан ғылыми түрде тұжырымдау;
- оқытушы мен студент қарым-қатынасын экологиялық негізде құру тәсілдерін ұсыну және оны жүзеге асыру, педагогтардың лингвоэкологиялық мәдениетін көтеру;
- ЖОО-ларда құрамына педагогикалық мамандықтар кіретін факультеттердің студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының бағытына лингвоэкологиялық идеологияны қалыптастыру тармағын енгізу, нақты шаралар ұйымдастыру;
- студенттерге идеал болатын тілдік тұлғаларды насихаттау, сөз саптауын үйрету;
- студенттердің жеке лингвоэкологиялық білім алу бағытын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, оның технологиялық құрылымы мен техникалық қолдау жүйесін жасау;
- лингвоэкологиялық құзыреттілік түсінігін енгізіп, оны құраушы бөліктерді анықтау сынды өзекті мәселелер шешімін табуға тиіс. Біз соңғы міндетті маңызды деп есептейміз. Себебі меңгерілетін білім нәтижесінің анықтығы білім мазмұнын, оны іске асырудың әдіс-тәсілдерін, тапсырмалар жүйесін студентке бағдарланған түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

«Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүниесі ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» [1].

Жоғары білім туралы ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында құзыреттілік деп «білім алушылардың оқыту үдерісі кезінде алған білімін, білігі және дағдысын кәсіби қызметте қолдана алу қабілеті» танылады [4;6]. Халықаралық құжаттарда да құзыреттілік нақты өмір жағдайларындағы мәселелерді шешу қабілетін белгілейтін ұғым ретінде анықталады. Р.С.Рахметова «құзырет студенттің білуі қажет нәрсе болса, құзыреттілік осы нәрсені жақсы істеуі, өзін-өзі танытуы, білімі, білігі, өзін-өзі бағалауы т.б. мәселелерді қамтиды» деп екеуінің ара жігін ашып көрсетеді [5].

Біз ғылыми айналымға қатысымдық құзыреттілікпен тікелей байланысты *лингвоэкологиялық құзыреттілік* ұғымын енгізуді ұсынамыз. Ол қажеттілік рухани жаңғыруға бет түзеген қазіргі қоғам мүддесінен туындап отыр. «Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр» [1]. Қазақстанның болашағы –


қазақ тілінде екенін ескерсек, бабалардан мирас болып жеткен «тілді сақтау» идеясын жаңғырту – қасиетті борышымыз. Оған лингвоэкологиялық құзыреттілікті игерген мамандарсыз қол жеткізу қиын.

Қазіргі таңда қалыптасқан ЖОО студенттері тілдік ортасының жағдайы, көптілді білім беру жағдайындағы педагогикалық тәуекелдер құзыреттіліктің бұл түрін енгізудің өзектілігін нақтылай түседі. Себебі жоғары оқу орны студенттеріне жүргізілген бақылау нәтижесі мынадай жайттарды аңғартты: болашақ мамандардың кейбірі жеке пікірін, көзқарасын еркін, көркем де кестелі сөзбен жеткізе алмайды, тұрақты сөз тіркестерін орынды пайдаланбайды, жаргон, варваризм сөздерді араластыра сөйлейді, орынды уәжделмеген сөздерді пайдаланады, жазуда грамматикалық, лексикалық, стилистикалық қателер жібереді, тұрақты тіркестің мағынасын түсінбей қолданады, айтылу заңдылығын, орфоэпиялық норманы сақтамайды, үндестікті сақтамайды, сөз мағынасының тіркесімділігін сақтамайды, грамматикалық тұлғаларды дұрыс жалғамай жұмсайды.

Лингвоэкологиялық құзыреттілік дегеніміз – әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлеріне тән нормаларды жақсы меңгеру, сөздің қатысымдық сапасына байланысты ортологиялық, этологиялық нормаларды сақтай білу, жеке тұлғаның тілдік санасын қалыптастыратын факторлардың орны мен маңызын анықтай алу, пікірталас мәдениетін, сөз мәдениетін көтеру жолдарын белгілей алу, қазақ тілінің өмір сүру ортасына, қызметіне бөгет болатын нигилистік көзқарастармен күресуге қабілетті болу, тілдік тұлға санасында ана тіліне деген құрметті ояту жолдарын ұсына алу, экологиялық ұстанымына негізделген қатысым құру.

Лингвоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастыру үшін оның құрамдас бөліктерін тілдік-лингвоэкологиялық, танымдық-лингвоэкологиялық, эмоционалды-лингвоэкологиялық, әлеуметтік-лингвоэкологиялық, құндылықтық-лингвоэкологиялық құзыреттіліктерді қалыптастыру керек.

Лингвоэкологиялық құзыреттілікке ие студент: қоршаған тілдік ортасын әртүрлі ластанудан сақтайды; лингвистикалық нигилизммен күресе алады, лингвоэкологиялық тәрбие беруді ұйымдастыра алады; шеттілдік сөздерді уәжсіз қолданбайды; тілдік ортағы зардабын тигізетін тіл басқыншылығына қарсы күреседі; қазақ тілінің болашағына деген жауапкершілікті сезініп, оның өміршеңдігін қамтамсыз ету шараларын іске асыра алады; ортологиялық қағидаларды сақтап сөйлейді; өз ойын сөз мәдениетінің нормативтік, қатысымдық, этикалық сапасын сақтап жеткізеді.



1-сурет - Лингвоэкологиялық құзыреттілігі қалыптасқан студент моделі.

Лингвоэкологиялық құзыреттілігі қалыптасқан студент:

жазбаша қатысымда: мәтіннің өрістеу логикасын сақтайды; шеттілдік сөздердің дұрыс, стильдік мақсатта қолданады; көріктеу құралдарын орынды пайдаланады; тілдік бірліктерді талғаммен қолданады; орфографиялық, этологиялық норманы сақтайды;

ауызша қатысымда: сұрақ қойып, оған жауап бере алады; өз ойын дәл, анық, қысқа әрі нұсқа жеткізеді; сұхбат, пікір алысу кезінде эмоционалды қысымды реттейді; сұхбаттасушының бейвербалды амалдарын

дұрыс түсінеді; қатысым этикетін сақтайды; шиеленіс, дауға жол бермейді; шешендік өнерді игерген; келісім, мәміле, іскерлік кездесулерді жүргізе біледі; эмпатия білдіреді; жағдайға сәйкес стильдік амалдарды таңдайды; шеттілдік сөздерді дұрыс референтімен колданады; жағымды бағалауыштық сөздерді пайдаланады; орфоэпиялық норманы сақтайды.

тыңдалымда: сұхбаттасушыны тыңдай біледі; тыңдаушының назарын өзіне аударта алады; өзара төзімділік танытады; сұхбаттасушыға құрмет көрсетеді; эмоциясын тізгіндейді, ұстамдылық танытады; серіктестің ұстанымын түсінеді.

Студенттің лингвоэкологиялық құзыреттілігінің қалыптасуы үш деңгейді қамтиды. *Когнитивті* деңгейде лингвоэкология бойынша түсінігі, теориялық білімі мен білігі қалыптасады. Лингвоэкологияның мақсат-міндеттерін, қалыптасып, дамуы мен зерттеу нысанын, негізгі ұғым, категорияларын біледі, ғылыми пікірлерді талдап, өзіндік тұжырым жасай алады, алған лингвоэкологиялық білімін тілді тану үшін пайдалана алады.

Аффективті деңгейде тілге деген құндылықтық қатынас қалыптасады, оның мәдени, рухани ерекшеліктерін зерделейді және тілді сақтаудың әлеуметтік маңызын түсінеді.

Экологиялық қағидаларды негізге ала отырып қатысым құру, тіл тазалығын сақтауға ұмтылысы студенттің лингвоэкологиялық құзыреттілігінің *әрекеттік* деңгейде қалыптасқанын аңғартады.

Адамзат белгілі бір тілдік ортада өмір сүреді. Сол органы жұтатпай, аздырып-тоздырмай көркейту, көріктендіру, мәденилендіру сол тілдік ортадағы адамдардың рухани өсіп-жетілуіне, дамуына игі ықпалын тигізеді. Ол жоғары оқу орнында лингвоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастырумен тікелей байланысты. Құзыреттіліктің бұл түрін қалыптастыру басқаша айтқанда, «жалпы гуманитарлық тұрғыдағы қуатты қаруды шыңдау деген сөз, қоршаған ортаны парықтап-бағдарлаудың бір құрамын жетілдіру деген сөз» [6; 59].

ӘДЕБИЕТ

[1] Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

[2] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000_1118

[3] Уәли Н. Тіл экологиясы. // «Ана тілі» газеті, 2009ж. №8. 5б.

[4] ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мамандығы – 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті. ҚР МЖМБС 6.08.073-2010. Астана, 2010. – 40б.

[5] Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін). П.ғ.д. дәрежесін алу үшін жаз. Дисс. автореф. – Алматы, 2010.

[6] Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: «Атамұра», 1999.

REFERENCES

[1] Memleketbasshysynyn «Bolashakbagdar: ruhanizhangyru» attymakalasy. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

[2] Kazakhstan Respublikasynda bilim berudidamytydyn 2011 – 2020 zhyldargaarnalghanmemlekettik bagdarlamasy. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000_1118

[3] Uali N. Til ekologiyasy. // «Ana tili» gazeti, 2009. №8. 5b.

[4] KR Memlekettik zhalpyga mindetti bilim berustandarty. Mamandygy – 5B011700 – Kazak tili men adebieti. KR MZHMBС 6.08.073-2010. Astana, 2010. – 40b.

[5] Rakhmetova R. Kazak tilisintaksisin katysymdyk-tanymdykturgydanokytudyngylymi-adistemelik negizderi (ZHOOfilologmamandyktaryushin). P.g.d. darezhesin aluushin zhaz. Diss. avtoref. Almaty, 2010.

[6] Nazarbaev N. Tarihtolkynynda. Almaty: «Atamura», 1999.

Г.Т. Чукенаева

Докторант Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Казахстан

ЛИНГВОЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ И ЕЁ КОМПОНЕНТЫ

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы преподавания нового направления в языкознании – лингвоэкологии в высших учебных заведениях. В статье аргументирована актуальность лингвоэкологического образования на основе данных состояния языковой среды студентов, проанализировано нынешнее положение обучения лингвоэкологии в высших учебных заведениях. Автором дано определение понятию «лингвоэкологическая компетенция» как результату лингвоэкологических знаний; определены его составляющие компоненты, охарактеризован уровень сформированности данной компетенции. А также предложена модель лингвоэкологически компетентного студента.

Ключевые слова. Коммуникативная компетенция, лингвоэкологическая компетенция, языковая среда, языковая личность, лингводидактика, норма литературного языка.